

іздеу, шешім қабылдау қиынға түсе қоймайды. «Біз біреудің ақылымен ақылды болмаймыз», - деген белгілі ойшылдың сөзін жандандырар болсақ, орайын тауып ойлындыруға үйрету, мұғалімнің жандүниесін, ішкі құрылымдарын жаңа деңгейге көтеріп, келбетін кескіндейтіндігінде дау жоқ. Талантын тыңдауға, шығармашылығын шыңдауға үйренген ұстаздың қоғамға берері де мол болмақ.

Білім, тәрбие жолы ұзақ жол. Мұғалімнің қателігі қоғам үшін өте қауіпті, ал керісінше оның нәтижелі еңбегі бүкіл ұлттың, отанымыздың, өркениеттің тағдыры, оның ізгілікті істері ұзақ жылдар жемісін берері сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы, 2005 ж.
2. «Қазақстан мектебі» журналы. №4, 2005 жыл.

### **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАРАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ РЕТІНДЕ ТЕМПЕРАМЕНТТІҢ СИПАТТАМАСЫ**

*Мақсотова Т.Т., Мүсірова Г.Б.,  
Ы.Алтынсарин ат.  
Арқалық мемлекеттік  
педагогикалық институты*

Темперамент (лат. temperamentum – келбетке қатысты тиістілік, tempero – тиісті байланыста араласу) – индивидтің психикалық іс-әрекетінің динамикалық ерекшеліктер сипаты, яғни психикалық процестердің темпі, жылдамдығы, ритмі интенсивтілігі және осы іс-әрекетті тудыратын жағдайы[1].

Темперамент типтері адамның тіршілік бейнесі мен мәдени өмірінде, тұрмыс салтында күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрақты шарт. Ойын мен оқу және еңбек адам әрекетінің негізгі түрлері осының барлығы темперамент типтері арқылы дамып, жетіліп, жүзеге асады.

Темпераменттің ішкі құрылымдық талдауы темпераментте (оның психологиялық сипатында) сыртқы көріністің бір мазмұны және бір жүйесі болмауынан біршама қиындықтарды көрсетеді. Осындай талдаулардан кейін темпераменттің үш негізгі жетекші компоненттерін бөліп көрсетеміз, индивидтің жалпы белсенділігі аймағына, оның қимылына және оның эмоциялығына қатысты болып бөлінеді. Бұл компоненттердің әрқайсысы өз кезегінде психологиялық көріністердің күрделі құрылымдары мен әр түрлі формаларын көрсетеді.

Темперамент құрылымында индивидтің жалпы психикалық белсенділігін көрсететін компонент кең мағынаға ие. Бұл компоненттің мәні тұлға тенденцияларының өзіндік көрінісі, сыртқы шындықты тиімді меңгеру мен жетілдіруге негізделген; әрине, бұл бағыт негізінде осы тенденцияларды тарату сапасы мен деңгейі тұлғаның басқа ерекшеліктерімен, яғни оның интеллектуалды және характерологиялық ерекшеліктерімен, оның қатынастары мен мотивтер комплексімен анықталады. Белсенділік деңгейлері бұл инерттілік және бір полюстен энергияның жоғары деңгейіне дейінгі пассивтіліктің жетілуі, әрекетке күшті ұмтылыс және әлсіздіктен бастап үнемі көтерілу деп бөлінеді.

Темперамент іс-әрекетте көрінеді: индивид оны жылдам немесе баяу орындауы мүмкін. Сондықтан темпераментті іс-әрекеттің динамикалық жағы деп қарастыруға болады. Ол көбінесе тұлға диагностика сынақ процесінде зерттеледі.

Сыртқы бейнесі мен түр – тұлғасы жағынан адамдар біріне – бір ұқсас болғанымен, мінез – құлқы, темперамент ерекшеліктері, қабілеті мен икемділігі жағынан олардың әрқайсысының өзіндік даралық қасиеттері болады.

Темперамент – тұлғада қалыптасатын биологиялық фундамент. Ол мінез-құлық аспектісінің динамикасы және ол үш жасқа дейін, яғни балалық шақта анық байқалады.

В.С. Мерлиннің пікірінше, темпераменттің қасиеттері индивидуалды ерекшеліктері, олар: толығымен психикалық іс-әрекет динамикасын реттейді; жеке психикалық процестердің ерекшеліктерін сипаттайды; тұрақты және қалыпты сипатқа ие; темперамент типін сипаттайтын қатаң заңдылықтармен қатынаста болады; жүйке жүйесінің ортақ типі біркелкі шартталған.

Егер индивидуалды динамикалық ерекшеліктерде темперамент ерекшеліктері көрінсе, онда ол іс-әрекеттің ешқандай объективті мазмұнымен келіспейді. Сондықтан болар, В.С. Мерлин темперамент қасиетін психологиялық дәстүрде тұлға қасиетіне жатқызбады. Оның пікірінше, темперамент қасиеті тұлғаны емес, индивидуалдылықты сипаттайды[2].

Темперамент туралы алғашқы ойлар мен пікірлер ғылымда өте ерте кезде ақ айтыла бастады. Ежелгі Грецияның белгілі ғалымы дәрігер Гиппократтың (б.э.д 460-356 ж.ж) еңбектерінде темперамент жөнінде біраз пікірлер айтылған. Гиппократ организмдегі сұйықтықтардың бірінен екіншісінің басым болуы кейбір аурулардың шығу тарихын түсіндіруге де жарайды деді, ол мидың ролін түсіне білді, оны бездердің бірі деп санады. Бұл адамның жеке ерекшеліктерін жаратылыстық ғылыми зерттеудің алғашқы қадамы еді.

Темперамент типтерін жан – жақты зерттеген Гиппократтан бастап, И. Кант, В. Вундт, К. Гален, В.Д. Небылицин, Б.М. Теплов, Русаловтың ғылыми еңбектерінде қарастырылған. Ал Қазақстандық психолог ғалымдардың ішінде С.Ж. Жақыпов, Ә.Ж. Алдамұратов, С. Бап – баба, Қ.Б. Жарықбаев т.б. еңбектерінің алатын орны ерекше.

Темперамент – бұл адамның психологиялық әрекеттерінің динамикасын айқындайтын дара қасиеттердің жиынтығы. Ал қасиеттер іс-әрекеттер барша түрінде мазмұн, мақсат, себеп - түрткілерге тәуелсіз, бірдей сипатта көрініс береді, ересек шақта да өзгеріссіз тұрақталады. Барша ғылыми қауым қабылдаған темперамент типтері төмендегідей:


Сангвиник. Жоғары дәрежелі әрекетшіл адам, дегенмен, бұл әрекетшілдік оның белсенділік қасиетіне сай, қозғалыс қимылдары мәнерлі, шапшаң болып келеді. Қиналмастан бір істен екінші іске ауыса алады, қажет болса, қайта үйреніп, дағдылардың жаңасын қабылдауға шебер.

Холерик - сангвиник сияқты әсерлерге берілмейді әрекетшіл, белсенді. Бұл ұшып – қонып тұратын, күйгелек, тынымсыз, шамданғыш, көңіл – күйі жиі өзгертін, қарым – қатнаста аумалы – төкпелі, тұрақсыз, соқпа мінезді, белсенді пысық, бірақ бейқам, ашуланшақ адам. Сангвиникке қарағанда солғырттау, икемі кемірек. Олар тез, қызу сөйлеп, төңірегіндегілерді бірден ұйытады.

Флегматик - әрекеті енжар сезімталдығы мен көңіл шаруалары кем көріністі. Өте сақ, ұяң, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты. Оны күлдіру де, мұнайту да оңай емес, төңіректің бәрі күлкіден жығылып жатқанда ол міз бақпас. Ауыр мінезді, көрсе қызар емес, мәселені тез шешуге асықпайды, салқынқандас. Солай болса да, флекматик өте қуатты, жұмыстан шаршамайды. Шыдамды, ұстамды, сезімге берілмейді. Әдетте, жаңа адаммен араласып кете бермейді, сырттай әсерлерге төзімді.

Меланхолик - өте сезімтал, әрекетшілдігі кем адам. Сәл нәрсеге ренжиді, өкпелейді, пессимист, тұйық, сөзге сараң, аса баяу қозғалатын жай басар. Меланхоликтің жігері кем, тез шаршайды қызметі болымсыз. Зейіні тұрақсыз, оның барша психологиялық процестері әлсіз. Меланхоликтер мектеп өміріндегі оқиғаларының бәрін үлкен әсермен қабылдап, оларды көп ойлайды, кейде қызараңдап ұялады, егер тапсырмасын орындай алмаса, оған қатты қаймығады. Жолдастарының арасында күзге түспей, жай ғана жүріп тұрғанды ұнатады, «мен» деп ешқашан ұмтылмайды. Ол ұялшақ, тартқыншақ, көпшіліктен аулақ жүреді[3].

Кесте 1. Темпераменттің жүйке жүйесі координаталарына тәуелділік схемасы.



Кесте 2. Темперамент пен психологиялық жауап әрекеттердің қатынасы.

Темперамент	Жауап әрекеттілік	
	Жылдамдығы	Күші
Сангвиник	Жылдам	Бір қалыпты
Холерик	Жылдам	Жоғары
Флегматик	Баяу	Күшті
Меланхолик	Баяу	Әлсіз

Темперамент түрлерінің кейбір психикалық процесстер ерекшеліктеріне тәуелді болуы И.П. Павловтың және оның шәкірттерінің еңбектерінде экспериментальды жолмен дәлелденген. И.П. Павлов темперамент типтері жүйке қасиеттері ретінде қозу мен тежелу күшін тепе-теңдігін және қозғалмалығын атап көрсетті. Қозу мен тежелу күші бір - біріне тәуелсіз жүйке процесстерінің дербес қасиеттері. Қозу күші жүйке жасушаларының әрекеттендік қабілетінің белгісі. Осы күшке орай төзімді ұзақ не қысқа мерзімді әсерлі қозуды сақтай алады, тежелуге бейімделеді. Ал тежелу күші жүйке жүйесіндегі күшті әсерлерді басып, салу және біріктіру шартты реакцияларын іске қосатын қызмет атқарады.

Жүйке процесстерінің тепе-теңдігі қозу мен тежелу құбылыстарын өзара бірдейлік сапасын көтереді. Осы екі процесс күштерінің аралық қатынасынан, бір процесс күші екіншісінен басым болуынан тұлғаның ұстамдылығы, байсалдылығы немесе ұстамсыздығы ауыспалығы туындайды. Жүйке жүйесінің үшінші қасиеті процесінің қозғалмалығы бір жүйке процесстерінің екінші түріне ауысуы жылдамдылығы болып табылады. Сонымен бірге процесстерінің қозғалылығы адамның қылық - әрекеттерінің өмір сүру жағдайының өзгеруіне сай халыққа ене алу қабілетінде көрсетеді. Жүйке жүйесінің мұндай қасиеттерінің өлшемін бір әрекеттен екіншісіне, енжарлықтан белсенділікке немесе кері өту шапшаңдығымен бағалауға болады. Жүйке қозғалмалылығына қарсы құбылыс жүйке жүйесінің селқостығы (инертность), бір процесстің түрінен екіншісіне өту үшін қаншалықты көп уақытпен күш қажет болса, жүйке жүйесінің селқостығы сонша үлкен болғандығы.

Аталған жүйке процесстерінің қасиеттері негізінде жүйке жүйесінің типі немесе жоғарғы жүйке қызметінің типі деп аталатын құрылым түзіледі. Бұл жүйе әр жеке тұлғаның жүйке жүйесіне тән негізгі қасиеттер бірлігінен тұрады. Ол қасиеттер қозу мен тежелу процесстерінің күші, тепе-теңдігі қозғалмалылығы болып табылады. Осы үш қасиетті негізге

ала отырып, И.П. Павлов жүйке процесстерінің күшіне орай күшті тип пен әлсіз типті айыра отырып дәстүрлі Гиппократ типологиясына жақын жүйке жүйесінің 4 негізгі типін ажыратты:

Күшті қозу мен тежелуі бірдей, қозғалмалы - сангвиник.

Күшті қозу мен тежелуі бірдей, сағырт – флегматик.

Күшті қозу басым – холерик.

Әлсіз тип – меланхолик[4].

Қозуы мен тежелуі және ауыспалық бір объектіден екінші объектіге, бір іс - әрекеттен келесі іс әрекетке ауысатын танымдық процесінің пайда болуы, тоқтатылу немесе ауысу кезіндегі шапшаңдықпен анықталады. Мысалы: ойлау әрекеті кезінде бір тақырыптан екінші тақырыпқа ауысу үшін кейбір Жасөспірімдерде, басқа Жасөспірімдерден гөрі, көбірек уақыты кетеді. Біреулер бір информацияны тезірек есте сақтап не еске түсіре алады. Мұнда тағы бір еленетін жайт, жоғарыда аталған айырмашылықтар адамдардың қабілеттілігі.

Азаттық іс-әрекет кезіндегі қозғалысқа кететін күш пен қозғалыс амплитудасы заттық іс - әрекеттен белсенділігін көрсетеді. Бұл көрсеткіштер белсенді адамдарда кеңірек болады. Мысалы: темпераменттің белсенділігі жоғары болуы спортпен шұғылданатын адамдарда кеңірек, күштірек қозғалыстар жасай алуына әсер етеді. Белсенділігі жоғары адамдарда белсенділігі төмен адамдармен салыстырғанда, қолтаңбасы сілтемелі, жазу кезіндегі әріптер биігірек және ара қашықтығы үлкенірек болады. Белсенділік жоғары адамдарда, белсенділігі төмен адамдармен салыстырғанда, қозғалыс амплитудасы төмен, нәзіктілікті қажет ететін, сілтемелі қозғалыстарды орындау оңай емес. Заттық іс-әрекеттер қарқын бір уақыт бірлігіндегі орындалатын операциялар, қозғалыс-әрекеттер саны бойынша анықталады. Біреу жоғары қарқынды жұмыс істеуді ұнатса, біреу қарқындылықты ұнатпайды.

Оқушылардың темпераментін тәрбиелеудің айтылғандардан басқа да көп әдістері мен жолдары бар. Бұл жерде әрбір мұғалім баяу болса да, темпераменттердің өзгеріп отыратындығын, яғни ол адамдардың жасына, білімі мен тәжірибесіне, тәлім – тәрбиесіне, нақтылы әрекетке байланысты түрлі өзгертулерге түсетіндігін ыңғи да еске ұстап, осыған орай әрбір оқушымен жұмыс жүргізу қажет. Мәселен, оқушының жасына қарай оқудағы үлгерім дәрежесін, тәртібін, басқа балалармен қарым-қатынасын, қоғам жұмыстарына қалай араласатындығын ұдайы қадағалау, олардың ата-аналарымен байланыс жасау, әсіресе, қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстыру қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі педагогика және психология, -Алматы «Мектеп» 2002.
2. Медеуов Г.К. Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің педагогикалық үлгілері. - Педагогикалық кеңес №2,2009.
3. Жарықбаев Қ. Психология. - Алматы:Мектеп 1982.
4. Ж.Годфруа. «Что такое психология» - М., Мир 1992.